



# Креативті индустриялар мен креативті экожүйені дамытудағы Қазақстан университеттерінің рөлі

**Күні:** 30 Қараша 2021

**Уақыты:** 15.00 -17.00 (Нұр-Сұлтан қ. Уақыты бойынша)

**Платформа:** Онлайн, ZOOM (қазақ тіліне ілеспе аудармасымен)

*\*. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі субтитрлері бар форум жазбасы біздің ресми YouTube арнамызда қолжетімді болады.*

## Концепция

**Creative Spark форумы** — креативті индустрияны дамытудағы жоғары оқу орындарының рөлінің ықпалын арттыру үшін негізгі мәселелерді анықтауға және қажетті өзгерістерді талқылауға арналған алаң болып табылады.

Форум университеттердегі креативті кәсіпкерлікті дамыту бойынша семинарлардың жалғасы ретінде өткізілуде. Олардың нәтижелері бойынша «Creative Spark» бағдарламасын жүзеге асыру барысында Қазақстан мен Қырғызстанның серіктес университеттері кездесетін негізгі проблемалар мен кедергілер туралы есеп жасалды. Баяндама Форум барысында ұсынылатын болады.

2021 жылы креативті индустрияны дамытудың қазақстандық жобалық кеңсесі 2025 жылға дейінгі креативті индустрияны дамыту тұжырымдамасын әзірлеуге кірісті, мұнда білім саласы да ерекше рөл атқарады. Форумда жоғары білім беру ұйымдарын Тұжырымдаманы іске асыруға, әсіресе, креативті кәсіпкерлерді даярлау бөлігінде тартудың күтулері мен мүмкіндіктері талқыланады.

## Форумның қатысушылары

«Creative Spark» бағдарламасының университеттері мен серіктес ұйымдары, Қазақстан мен Қырғызстанның университеттері, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ, креативті индустрияларды дамытумен айналысатын квазимемлекеттік ұйымдар.

## Форумның бағдарламасы

| Уақыты      | Тақырып және спикерлер                                                                                                                                                                                                                                                       |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 15.00-15.10 | <i>Сәлемдесу сөзі</i><br><i>Британдық кеңес</i>                                                                                                                                                                                                                              |
| 15.10-15.20 | Нархоз университетінен кәсіпкерлік саласындағы академиялық бағдарламаларды жүзеге асыру және креативті экономиканы дамыту туралы презентация<br><i>Олена Бондаренко, Теңдік және дискриминацияны болдыртпау жөніндегі сарапшы, Нархоз университетінің жоба үйлестірушісі</i> |
| 15.20-15.30 | Т.К. Жургенов атындағы ҚазҰӨА «Жасампаз кәсіпкерлік» курсының тұсаукесері.<br><i>Юлия Сорокина, Т.К. Жургенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушысы, PhD докторы, ғылыми қызметкер, тәуелсіз куратор.</i>                                                       |
| 10 мин      | Сұрақ-жауап                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 15.40-15.50 | Creative Spark бағдарламасын жүзеге асырудағы жетістіктер мен кедергілер туралы есеп беру<br><i>Айдана Абдыкулова, жоба координаторы, Британдық кеңес.</i>                                                                                                                   |
| 15.50-16.00 | Креативті индустрияларды дамыту тұжырымдамасының тұсаукесері. Білім тарауы.<br><i>Данат Жумин, креативті индустрияны дамыту жөніндегі республикалық жобалық кеңсенің жетекшісі.</i>                                                                                          |
| 16.00-16.40 | Еліміздің креативті экономикасын дамыту мақсатында университеттерге мемлекеттік қолдау көрсету мәселелерін талқылау<br><i>Данияр Медетов, Сертификатталған трекер, МГИМО оқытушысы, ALMAU университетінің академиялық деканы</i>                                             |
| 16.40-17.00 | Форум қортындысы                                                                                                                                                                                                                                                             |